

Құланөтпес ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 2 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 маусымда № 5861 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 2020 жылғы 17 тамыздағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Нұра ауданы Құланөтпес ауылының әкімінің 17.08.2020 № 5 (алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Құланөтпес ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Құстар арасынан сальмонеллез ауруының анықталғанына байланысты Құланөтпес ауылының аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауыл әкімі

А. Алькенов